



010000, Астана қ., Үкімет үйі
2023 жылғы 24 маусым

010000, город Астана, Дом Правительства

№ 11-12/2452дз

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 16-13-36 Д/С

Құрметті депутаттар!

«Қазсушар» РМК Алматы филиалына және оның балансындағы су шаруашылығы объектілеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Су шаруашылығы құрылыстарын басқарудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру бойынша

Су шаруашылығы жүйелерін басқару саласындағы қатынастар Су кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) реттеледі.

Осылайша, гидротехникалық құрылыстарды пайдалану олардың мақсатына, осы құрылыстарды жобалау кезінде жасалған шарттар мен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты су шаруашылығы құрылыстарының әртүрлі мемлекеттік органдардың балансында болуы оларды пайдаланудың әртүрлі мақсаттарымен байланысты (қауіпсіздік үшін, ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, суару үшін, өнеркәсіп үшін және т.б.). Бұл ретте Кодекске сәйкес уәкілетті орган су қоймаларының су ресурстарын пайдалану режимін бекітеді. Бұдан басқа, уәкілетті органның аумақтық органдары (Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар) белгіленген режимнің сақталуына бақылау жүргізеді.

Осыған байланысты су шаруашылығы құрылыстарын басқарудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру тиімсіз.

Сонымен қатар қазіргі уақытта жаңа Су кодексінің әзірленіп жатқан жобасында су шаруашылығы құрылыстарын басқару мәселелерін одан әрі жүйелеу жоспарлануда.

Атап айтқанда, осы тізілімді қалыптастырудың мақсаттары мен тәртібін айқындайтын «Гидротехникалық құрылыстар тізілімі» деген жеке бап көзделген. Тізілім су ресурстарының ақпараттық жүйесінің бөлігі болып табылады. Гидротехникалық құрылыстардың қауіптілік сыныптарын жеке көрсету, су шаруашылығы құрылыстары иелерінің жауапкершілігін және жобалауға, пайдалануға қойылатын талаптарды айқындау жоспарлануда.

01105

Көпфакторлы тексерулер жүргізуді талап ететін гидротехникалық құрылыстарды республикалық меншікке беру мәселесі олардың жүргізілуі Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) (*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы бұйрығы*) регламенттелуіне байланысты бүгінгі күні қаралмайды. Мәселен, Қағидалардың 17-тармағына сәйкес 25 жылдан астам пайдаланудағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының иесі немесе пайдаланушы тұлға сенімділігін бағалай отырып, жыл сайын көпфакторлы тексеру жүргізеді. 25 жылға дейін пайдаланудағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары, олардың жай-күйіне қарамастан, олардың беріктігін, орнықтылығын және пайдалану сенімділігін бағалай отырып, 5 жылда бір рет көпфакторлы тексеруден өтеді.

Қызметкерлер мен кадр құрамының жалақысын қайта қарау бойынша


Бүгінгі таңда филиал қызметкерлерінің жалпы штат саны 761 бірлікті құрайды, оның 293 бірлігі шарт бойынша маусымдық қызметкерлер болып табылады. 468 штаттық қызметкердің орташа жалақысы – 152 475 теңгені құрайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлу есебінен қаржыландырылады, шарт бойынша 293 қызметкердің жалақысы – 85 131 теңгені құрайды және ұсынылатын сумен жабдықтау қызметтері бойынша алынатын пайда есебінен төленеді (*суармалы су үшін тариф*). Бұл ретте, филиалдың маусымдық қызметкерлерінің жалақысы сумен жабдықтау қызметтерінің тарифіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта мемлекеттік органдар бес жылдық кезеңге арналған жаңа тарифті бекіту мәселесін пысықтауда, оның шеңберінде қызметкерлердің жалақысын ұлғайту жағын қайта қарау, сондай-ақ филиалдың штат бірліктерін ұлғайту жоспарлануда.

Қауіпсіздік декларациясын әзірлеу бойынша

2023 жылға республикалық бюджетте Тентек гидроторабы мен Ақешкі су қоймасының қауіпсіздік декларациясын әзірлеуге 21,8 млн. теңге көзделген.

Бұл ретте 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет шеңберінде көпфакторлы зерттеу жүргізу үшін қаражат бөлуге және Қаратал өзеніндегі Алмалы, Ащыбұлақ су қоймаларының, Құрты өзеніндегі Құрты су қоймасының қауіпсіздік декларациясын әзірлеуге өтінім қалыптастырылды.

 **Ә. Смайылов**

Тізім:

Ғ. Сарыбаевқа
С. Дүйсембиновке
А. Толамисовке